



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Еуропалық қоныстану мен жергілікті
тұрғындарының тағдыры



Дәрістің мақсаты: еуропалық қоныстанушылардың жаңадан иемденген аумақтардағы жағдайы және олардағы жергілікті тұрғындардың тағдырларын талдау.

Кілт сөздер: нео-Еуропа, субсидия, голландық отарлау, койсандық макроотбасы, когломерация, қоныстар.

Бұл дәрісте біз еуропалық қоныстанушылардың жаңадан иемденген аумақтарға орналасуын және олардағы жергілікті тұрғындардың тағдырларын отарлау тұрғысынан қарастырамыз. Біз мысал ретінде ұзақ уақыт бойы Англия мен Францияның күрес алаңы болған Солтүстік Американың шығыс жағалауын; XVII–XVIII ғасырларда Ресейге қосылған Сібірдің кең жерлерін; 1652 жылы голландық Ост-Инд компаниясы құрған Африканың оңтүстік бөлігіндегі Кап отарларын аламыз.

Біздің мақсатымыз – аймақтардың отарлану жағдайындағы дамуының ортақ тұстарын анықтап, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктерін де айқындау болып табылады.

Бірінші кезекте Солтүстік Америка, оңтүстік Сібір мен Африканың оңтүстік бөлігін бөліп тұрған үлкен қашықтықтарға қарамастан, бұл аймақтардың барлығының қалыпты ендікте орналасқандығына назар аударуымыз қажет. Бұл, ең алдымен, олардағы климаттың еуропалықтарға ұқсайтындығын білдіреді. Бұл фактор еуропалықтардың туған жерлерінен отарлық империяның алыстағы провинциясына қоныс аударуына ықпал еткен басты жағдайға айналды. Климат, топырақ, тіпті, ландшафттың ұқсастығы жаңа аймаққа бейімделуді жеңілдетті және метрополиядан қашық жерде өмір сүре алу мүмкіндігін артырды; шаруалар бұл аумақтарда өз ауылшаруашылық қабілеттерін пайдаланып, осы арқылы кейінгі демографиялық өсім үшін қажетті экономикалық жағдайды жасады.

Адамдардың өз үйін тастап, мыңдаған шақырым жерге көшіп өмір сүруге ықпал еткен басты себепті бөліп көрсету қиын. Сөзсіз әр адамның оған өз себептері болды: бірі алыс саяхатқа өз діни наным-сенімін еркін жеткізу үшін шықты, басқалары тез баю немесе қызықты оқиғалар соңына түсті, үшіншілері түрмеге түсуден қашты, ал төртіншілері – олар әсіресе көпшілікті құраған болар қанаудан қорқып, кедейліктен құтылуға тырысты. Дегенмен әртүрлі тағдыр мен өмір жолы бар адамдар жаңа жерде – өз Отанын еске түсіретін ауылдар мен қалалардың пайда болуына өзіндік үлесін қосып, тұрақты дамыған жаңа қоғамның негізін сала бастады. Жалпы алғанда, миграция нео-Еуропаға, яғни Еуропадан алыста орналасқан, басым бөлігі еуропалықтардың және олардың ұрпақтарының өзімен қоныстанған қоғамға жол ашты. Ағылшын мен француз тілдес Солтүстік Америка, орыс Сібірі мен аралас халқы бар оңтүстік Африка – еуропалық метрополиядан алыс аймақтардың еуропаландырудың ең айқын мысалы болып табылады.

Демография мен мәдениетке қатысты айтсақ, қоғамның бұл типі Еуропалықтар басқаратын басқа өңірлерден өзгеше болды. Дегенмен, еуропалықтар жергілікті тұрғындармен салыстырғанда, мысалы, Мексикадан Перуге дейінгі жерлерде халықтың аз бөлігін құрады. Сонымен қатар, олар Кариб аралдарынан Оңтүстік-Шығыс Бразилияға дейінгі жерлердегі Африкалық құлдардан да сан жағынан аз болатын. Мексикада бірыңғай еуропалықтардан тұратын халықтың саны азшылықты құрап қала берді. Еуропалықтар мен үндістердің аралас текті метис халқының саны XIX ғасыр басында айтарлықтай азшылыққа айналды, бірақ Жаңа еуропалықтарда аралас текті халықтардың үлесі жалпы халық санынан пайыз салмағы да кем түсті және еуропалық қоныс аударушылар келуді жалғастырған сайын үлес салмағы кеми берді.

Бұл жағдай ең алдымен еуропалықтардың айтарлықтай бөлігі мұнда кеп орныққанға дейін шығу төркіні афроауразиялықтармен бірге келген жұқпалы аурулар байырғы жергілікті жұртты алапат қырғынға ұшыратқандықтан қалыптасты немесе қоныстанушылар қауіпті эпидемияға қозғау салған белгісіз потагенді вирустарды алып келді. Жаңа ауру түрлері Мезоамерика мен Анд тауы орналасқан Оңтүстік Америкадағы миллиондардың жанын алды. Бірақ бұл аймақтағы байырғы аграрлық тұрғындардың саны көп болатын. Олардың тығыз орналасқаны соншалық, еуропалықтардан сан жағынан әлі де басым болып тұрды. Бұл Солтүстік-Шығыс Америка, Сібір



және Оңтүстік Африкадағыдай болған жоқ. Аталған жерлерде жергілікті тұрғындар соншалықты аз болатын және тіршілік үшін жанталасып, қарсыласқандарына қарамастан олардың саны қатерлі аурулардың шабуылы мен еуропалықтардың қаруының себебінен жылдам азайып кетті.

Типі	Саяси құрылымы	Тұрғын санының сипаты	Мысалдар
Империялық қоғам	Еуропаның империя территориясындағы саны көп байырғы халықты басқаратын шенеуніктері мен әскери құрылымынан тұратын шағын азшылық тұрғын саны.	Уақыт өте келе еуропалық аралас текті тұрғын саны мен байырғы халық саны айтарлықтай азшылыққа айналады.	Перудегі Испания уәкілдігі, Британиялық Үндістан, Ресей (Сібірді қоспағанда).
Қоныстанушылар қоғамы	Еуропалық шенеуніктер, әскерилер, қоныстанушылар, коллонияны басқарушылар.	Көпшілігі фермер және ұсталардан тұратын еуропалық қоныстанушылардың саны артып, көпшілік тұрғын санын құрайды. Ал, байырғы тұрғын саны шағын азшылыққа дейін қысқарады.	Британдық Солтүстік Америка, Эулие Лаврентия жазығы (Канада), Мейірімді Үміт мүйісі (Солтүстік Африка), Сібір.
Плантациялардағы қоғам	Африкадан әкелген саны көп құлдарды басқаратын Еуропа шенеуніктері мен солдаттарынан тұратын шағын азшылық тұрғын саны.	Шығу тегі еуропалық және африкалық нәсілден тұратын аралас текті тұрғын саны артса да, айтарлықтай азшылықты құрайды. Байырғы тұрғындар саны шағын азшылықты құрап азаяды немесе жойылып бітеді.	Солтүстік-Шығыс Бразилия, Кариб аралдары, Маврикий (Үнді мұхиты).

Еуропалықтар, үндістер және құндыз терісі

Солтүстік Америка құрлығының шығыс жағалауында еуропалық қоныстарды құру алғашқы рет XVI ғасырдың соңында ағылшын патшайымы I Елизавета фавориті сэр Уолтер Рэлимен жасауға тырысты. Бұл ұмтылыстар сәтсіздікпен аяқталды және еуропалықтарға – француздар мен ағылшындарға тұрақты отарларды ұйымдастыру тек XVII ғасырдың басында ғана мүмкін болды.

Құндыз, қара түлкі мен басқа да терісі бағалы аңдар еуропалық нарықта үлкен сұранысқа ие болды. Осы мақсатта француздар Қасиетті Лаврентий өзенімен жүзіп өтіп, 1608 жылы Квебекті, 1611 жылы Монреальдің негізін қалады. Бастапқы уақытта алгондық тілде сөйлейтін үнділіктер негізінен саудагерлерге оқ дәрі, қару, мата мен алкогольдің орнына аң терісін беріп, саудаға пайдаланды. Жергілікті американдықтар еуропалық өнеркәсіптік тауарларға тез бейімделді. Үнділік Монтагниас атап өткендей: «Құндыз терінің арқасында барлығы жақсы болып жатыр. Оның арқасында шәйнек, балталар, қылыш, пышақ пен нан да келуде».

Аймақтағы қоныстар көп санды болмағанымен, француздық билеушілер үнділік көсемдер белгілеген ережелермен санасуы тиіс болды; француздар үшін толыққанды саяси үстемдік алыс еді. Сондықтан олардың Жаңа Франция деп аталған аймақта жергілікті тайпалармен берік одақ құру үшін дипломатиялық мүмкіндіктер мен үндістер арасындағы қарама-қайшылықтарды барынша пайдалануға тырысты.

Ағылшын қоныстары француздардікінен әлдеқайда ерекше болды. Біріншіден, жаңа отарларға миграция тез әрі жаппай сипатқа ие болды. Мысалы, 1680 жылы ағылшын тәжіне



бағынатын аумақтарда Еуропадан келген 150 мың адам тұрды. Олардың саны 70 жылдан кейін 1 миллионнан асты (салыстырмалы түрде қазіргі Канаданың шығыс бөлігі мен Миссисипи өзенінің жағалауын қазіргі аумағы болып табылатын Жаңа Францияда 100 мыңнан төмен еуропалықтар тұрды). Екіншіден, ағылшын иеліктеріне келген еуропалықтар өзінің тілдік пен діни құрамы жағынан әртүрлі болды. Жаңа Англия деп аталған аймақты құрған солтүстік-шығыс отарларда кальвинистік радикалдар – пуритандар, пилигримдер, индипенденттер болды. Ал оңтүстікке қарай, Орта Америка деп аталған аймақта голландықтардың ұрпақтары (олар 1626 жылы кейіннен ағылшындармен Нью-Йорк деп аталған Нью-Амстердамды құрды), квакерлер (астанасы Филадельфияда орналасқан Пенсильванияны құрды), Делавэр өзені жағалауына орналасқан шведтер және басқалар тұрды. Жалпы алғанда бұлар Оңтүстік католиктер (Мэриленд), англикандықтар, босатылған қарызгерлер мен бағынышты африкандықтардың конгломерациясы болды. Отарлардың мүдделері әртүрлі еді, сондықтан Құрама Штаттары құрылғанға дейінгі кезеңде олар тұтастықты танытпады. Мысалы, пуритандар үшін жаңа жерлер жаңа Иерусалимды құру және өзіндік діни утопияны жүзеге асырудың мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Вирджинияның негізін қалаушыларға мұндай діни сезімдер таңсық болды; оларды барынша экономикалық пайда табу алаңдатты. Бұл мәселе темекі плантацияларының енгізілуі және Батыс Африкадан құлдардың әкелінуімен белгілі бір деңгейде шешілді.

Жергілікті Америкалықтардың қарсылық танытуы мен шегінуі

Француздарға қарағанда ағылшын отарларындағы қоныстанушылар үнділік тайпалармен келісімге келу жайлы көп алаңдамады. Еуропалықтардың көбейуімен үнділіктерге және олардың жеріне қысым күшейе түсті. Бастапқы кездегі еуропалық және африкалықтармен бейбіт қарым-қатынастары туралы аңыз тез арада қақтығыстар мен соғыстарға ауысты. Бұл соғыстар екі тараптан да көптеген адам шығынына әкелді. Себебі үнділіктердің әлемдік экономикаға енуімен бірге олардың қарулануы да еуропалықтармен теңесе бастады. Дегенмен көп жағдайда бұл соғыстар үндістер үшін жеңіліспен аяқталып, олардың тұрып келе жатқан жерлерден қуылуына немесе мүлдем жоюлуына әкелді. Мысалы, осындай соғыстардың қатарында жаңа Англиядағы үнділік халықтың күрт азаюына король Филиптің соғыстарының немесе Поухатандармен соғыстардың нәтижелері болды. Өзіндік айрықша сценарийге сәйкес татарлық атаумен «Сібір» деген атпен белгілі Еуразияның солтүстік-батыс бөлігінің кең ауқымды жерлері отарлануға түсті. Орыстар келгенге дейін Сібірде мәдениеті, тілі, шаруашылығы мен ұйымдастыру деңгейі әртүрлі халықтар қоныстанған болатын; Сібірдің батысы, Обь пен Ертістің тоғысында түріктер қоныстанған мемлекеттік құрылым – Сібір хандығы орналасты; қиыр шығыста аңшылықпен өмір сүретін чукчалар немесе луораветландар тұрды; олардың арасында негізінен түркі (якуттар), моңғол (буряттар), тунгустық (эвенктер, эвендер), палеоазиаттық (юкагирлер, ительмендер, кеттер) мен угро-финдық тілдердегі (хантылар, немесе остяктар, немесе манттар, немесе вогулдар) сияқты көшпенді халықтар тұрды. Бұл халықтар көп емес еді: әрбірінің халқы мыңдаған немесе он мыңдаған адам санын құрады.

Колониалды қоныстануға қарсылық. Үндістер Бруклин, Массачусетсті және өзге де елді мекендерді 1675–1676 жылдары Наррагансетт соғысында өртеп жібергенімен, олар Массачусетс шығанағына жайылған экспанцияға қарсы тұра алмады. Жергілікті америкалықтар мен Жаңа Англияның қоныстанушылары арасындағы қарым-қатынастың бұзылуын қалай түсіндірер едіңіз?

Орыстардың Сібірге қоныс аударуы

Сібір жерлерінің Орыс мемлекетіне, ал кейіннен Ресей империясына қосылуы екі ұшты сипатта болды: халықтардың Ресей құрамына енуі ашық және ұзақ соғыстардан (XVI ғасырдың соңындағы Сібір хандығы мен XVIII ғасырдағы чукчалар сияқты) қанды қатыгез жазалауға дейін болды. Ұзақ уақыт бойы Мәскеу аймаққа тікелей бақылауды орнатуға ынта танытпады;



қашықтық пен инфрақұрылымды ескерсек, бұл мүмкін де емес еді. Алым-салық немесе ясақты төлеу орталық биліктің ойынша дұрыс деп есептелді.

Терісі бағалы аңға бай Сібір бастапқы уақытта орыс отаршыларын тек олжа тұрғысынан қызықтырды. Бұлғын, сусар, теңіз кәмшаты және басқа да терісі құнды аңдарды ұстап алу қысқа уақытта кең ауқымдық сипат алды. Мұның басты себебі Еуропада жүнге деген сұраныстың бірнеше есе артуымен байланысты еді. Аң терілерін табуға ясақты жүнмен төлеген Сібірдің жергілікті халқымен қатар, атты казактарды экспедицияларға жалдаған орыс көпестері де тартылды. Аң аулау ісі кейіннен ресурстардың бітуіне әкелді және XVIII ғасырдың басында орта жылдық табыс күрт қысқара бастады. Осы уақыттан бастап Сібірдің экономикалық негізіне оның жерлері айналды.

Аңшылар теріні пайдалана бастағаннан бері, ғасырлар бойы Ресейдің Батыспен сауда қарым-қатынасында Сібір бұлғыны мен өзге де аң терісі маңызды тауар болып саналды. Бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін жаппай миграция туралы айту қиын еді. Халықтың елеулі бөлігін құраған крепостнойлар өзінің еркімен қозғалуға мүмкіндігі болмады. Аймақ казактар, қашқын шаруалар, жауынгерлер, шенеуніктер, дінбасылар және де жер аударылғандардың есебінен қоныстандырылды. XVIII ғасырдың басында осы үлкен аумақта шамамен 400 мың адам тұрды, олардың үштен бір бөлігі – еуропалық Ресейден келгендер. Ғасырдың соңында орыстардың саны 1 миллионнан асты (олардың көбісі Оралға жақын Тобыл мен Омбы губернияларында орналасты). Осы уақытта жергілікті халық азшылықты құрады. Адам санындағы өзгеріс негізінен табиғи өсімнің есебінен болды. Аймақтағы отарлаудың жаңа толқынның басталуына XIX ғасырдың екінші жартысында басталған крепостнойлық құқықты жоюға арналған және XX ғасырдың басындағы өнеркәсіптің өсуі мен столыпиндік реформалар итермеледі.

Оңтүстік Африкадағы еуропалықтар мен койсандықтар

Сібір сияқты оңтүстік Африка да голландық отарлау қарсаңында аз болса да әртүрлі халықтармен қоныстанған аймақты құрады. Олардың көп бөлігі койсан макроотбасы деп аталған топтың 29 тілдің бірінде сөйледі. Халықтардың көбі аңшылық және терімшілікпен айналысты, басқалары пасторалдық шаруашылықты жүргізді. Халықтардың арасында әлеуметтік бөлініс орын алды, бірақ, Анголадағы португалдықтар бетпе-бет келген мемлекеттік формациялар мұнда болмады.

Алғашқы Голландиялық форпост (бекініс)

1652 жылы голландық Ост-Инд Компаниясы Қасиетті Елена мүйісі аумағында Капстадты құрды. Амстердам мен Батавияның (Джакарта) арасындағы жарты жолда орналасқан бұл отар бастапқыда жанынан өтетін командалар мен кемелерге демалыс, жөндеу мен жеуге келетін не басқа да қорларды толтыруға мүмкіндік беретін аялдама ретінде қызмет етуі тиіс еді.

Кейіннен отарлар қонысқа айналып, өсе бастайды – 1780 жылға мұнда шамамен 20 мың адам тұрады.

Голланд командирдің Кап мүйісіндегі жазбалары

25 ақпан, 1652 жыл. Табл Бэй (Table Bay) шығынағына қаңтарылған Диамант бортында. «Бүгін кешқұрым жағалауға шықтық... Бекініс қай маңға салынуы тиіс екенін қарадық. Сонымен қатар, бортта ағылшынша білетін екі жабайы адам (оның біреуі кішкентай) болды. Жомарттық танытып, тамақпен және сусынмен тойдырдық. Сансыз ірі қара ала аламыз ба деген сауалымызға шала-шарпы ағылшыншасымен және ыммен өздерінің тек қызметші екенін және бұл маңға ірі қара әрдайым Салдания [жағалаудан алыс жақта] жақтан әкелетінін ұқтырды».



10 сәуір, 1652 жыл. Бекініс салынатын жерде. «Түске таяу Салданиядан 9 немесе 10 жабайы адамнан құралған кішігірім қарақшы тобы келді. Олар біздің шатырымызға жақын маңға күні бойы топтасып, әйелдерімен және бала-шағасымен [балықшылар] соғысатындай жұмылып, найза, садақ пен жебе кезеніп, қаһарлана жақындағаны сонша, бұл көрініс бізге олардың шын бейнесін тануға жеткілікті болды.... [Біз] ынтымаққа қол жеткізіп, табыстық, бұдан кейін олар шатырымыздың айналасында күні бойы бейбіт кейіпте жүрді. Салданиядан келгендер шалашарпы ағылшыншасымен және ым-ишарамен, тіпті, кейде голланд сөздерін де араластырып, бірнеше күн жол жүріп, мыс пен темекіге айырбастау үшін ірі қара мен қой жеткізгендерін айтты. Жылы шыраймен, емін-еркін айырбас жасауға шақырдық».

1 шілде, 1658 жыл. Бекініс. «Бүгін готтентоттардың... қашқын құлдарды іздегендердің... барлығына жуығы құр қол қайтып келді және ешкімді таба алмайтынын айтты. Осыған байланысты, тұтқындардың [койсандықтар] барлығы және олардың әйелдері [компания тұтқындаған] ыңырсып жылай бастады. Қашқан құлдар толық оралғанша, олар тұтқыннан босамайтынын айтқан едік. Аудармашы Доман тұтқындармен келісіп қашқан қашқындарды ешқашан көрмегенін айтып, нандыруға тырысты. Біз оған сенбейтінімізді білдірдік. Керісінше, күдігіміз [койсандықтар қашқын құлдарға көмектесті] дұрыс деп санаймыз. Өйткені готтентоттардың әйелдері де әуел бастан құлдармен жақын болды және оларға әртүрлі заттар берді. Сондықтан құлдарды қайтармайынша немесе оларға шынымен не болғанын анықтағанға дейін қамаққа қалғандарына разы болуы тиіс. Бұл кесімімізді естіген аудармашы Доманның еңсесі түсіп кетті. Ева [Кротоаны голландша осы есіммен атады] да сарыуайымға салынады. Оларды [жоғарғы лауазымды койсан тұтқындарды] босатпасақ, готтентоттар Еваны өлтірмек екен. Еваға бекіністің аумағынан шықпаңыз деп ескертіп, кімде кім оған қауіп төндірсе, командир оны да тұтқындайтынын айтты.

Тұтқындардың бойын билеген үрейден арылтып, тыныштандыру үшін, командир оларға ешқандай да зиян келмейтінін және мұның барлығы қашқын құлдарды қайтару үшін керек екенін шегелеп айтты. Оларға темекі, нан және бренди берді. Олардың көңілі сәл де болса көтеріліп қалды».

Дереккөз: Journal of Jan van Riebeeck, ed. H. B. Thom (Amsterdam and Cape Town: A. A. Balkema, 1952), 1:25, 30; 2:294–295.

Кап отары – өзінің этникалық құрамы бойынша сан алуан болды. Алғашқы голландық отаршыларға Германия мен Скандинавиядан шыққандар қосылады. Француз королі Людовик XIV діни сенімге еркіндік беретін Нанттық эдиктінің алынып тасталуы корольдіктен француздық протестанттар – Гугеноттардың эмиграциясына әкеледі. Олардың бір бөлігі Африкада орналасты. Сонымен бірге голландықтар койсандық тайпаларды құлдық еңбекке мәжбүрлей алмағандықтан, жұмысшы күшін Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Азиядан тасымалдай бастайды. Осылайша, еуропалықтар, азиялықтар мен африкандықтардан тұратын Кап отарының демографиялық бейнесі қалыптасады. Сондай-ақ, Кап отарында тұрған қоныстанушылар мен жергілікті халықтың ықпалымен алғашқы отаршылардың голландық тілі біртіндеп жаңа тілге африканс тіліне ауысады.

Бес жылдың шеңберінде оның құрылуынан бастап Кап отары кеңейе бастады. Бастапқыда бірнеше жауынгерлер ауылшаруашылық дақылдар өсіріп, мал ұстауға мүмкіндік алды. Голландықтардың жергілікті койсандық халықты құлдық еңбекке мәжбүрлеуге әскери күші жеткіліксіз болды. Сондықтан олар құлдарды Үнді мұхиты порттарынан әкелуді бастады. 1658 жылға таман отардың негізгі демографиялық бейнесі қалыптасты. Еуропалық қоныстанушылардың аздығынан шаруашылық жұмыстарды жүргізуге азиялық ер азаматтардың еңбегін пайдаланды. Кейінгі онжылдықтарда голландық билеушілер Кап отарынан алшақтағы аймақтан жер субсидияларын алды. Еуропа пен Азия халықтары 1662 жылы 400-ден 1780 жылы 20 мыңға дейін өсті.

Қоныстанушылар баяу бірақ үздіксіз жергілікті койсан халқын жағалаудан құрлықтың ішіне дейін ығыстырды. Қоныстанушылардың сәттілігіне олардың жақсы қарулануы мен ұйымдастырушылығы ғана емес, жергілікті халыққа осы уақытқа дейін кезікпеген еуропалық аурулар да ықпал етті. Мысалы, XVIII ғасырдың басында теңізшілермен бірге келген оба ауруы койсан халқы санының азаюына елеулі түрде әсер етті. Ол ауру жұққандардың 90%-на өлім әкеледі.



Бірақ отаршылар Банту тобының халықтарымен бетпе-бет келгенде, олардың бағындыруы тоқтап қалды. Банту жақсы қаруланған, саны көп және еуропалық аурулардан қорғана алатын иммунитеті бар халық еді. Банту еуропалықтардың XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі, яғни Ұлыбританияның аймақты отарлауына қосылуына дейін, демографиялық және саяси экспансиясының отарына айналды.

Нео-Еуропа деп аталған Солтүстік Америка, Сібір мен оңтүстік Африканың отарлау аймақтардың демографиясын радикалдық тұрғыда өзгертеді. Саяси салдарлары қатты ерекшеленді. Мысалы, Сібір орталықтан қашықтығы мен әлсіз коммуникациясымен алшақтықта болғандықтан біртіндеп Ресей империясына сіңе бастап, оның ажырамас бөлігіне айналады; оңтүстік африкандық отаршылар голландық метрополияға номиналдық бағыныштылықта болып, өзінің саяси біркелкілігін дамытады. Бұл олардың ағылшындардың Кап отарын жаулап алуынан кейін миграцияға кетуіне және тәуелсіз бұр мемлекеттерін құруына ықпал етеді. Солтүстік Америкада өзінің тарихи тәжірибесі мен келешекке бағдары бар бірқатар отарлар пайда болады. Бірақ Британияның француздарды жеңуінен кейінгі отарларға тікелей бақылау орнату ұмтылыстары отарлардың бірігуіне әкеліп, тәуелсіздік үшін американдық соғыстың алғы шарттарын қалайды.

Сұрақтар

1. Нео-Еуропа дегенді қалай түсінесіз?
2. Отарлардағы қай тауарлар еуропалық нарықта үлкен сұранысқа ие болды?
3. Сібірдің Ресей үшін маңыздылығы қандай еді?
4. Оңтүстік Африка голландықтардың отарлауының қарсаңындағы жағдайы қандай болды?
5. Кап отарын голландықтармен отарлауын сипаттаңыз.

Әдебиеттер

1. Alan Taylor, *American Colonies: The Settling of North America* (New York: Penguin, 2002), 98.
2. The Harvard Charter of 1650, Harvard University Archives, <http://hollis.harvard.edu/?itemid=|misc/via|olvwork368905>.
3. Robert Gray, *A Good Speed to Virginia* (London, 1609), quoted in Kate Aughterson, ed., *The English Renaissance: An Anthology of Sources and Documents* (New York: Routledge, 1998), 529.
4. N. S. Orlova, cited in Yuri Slezkine, *Arctic Mirrors: Russia and the Small Peoples of the North* (Ithaca, NY: Cornell University Press, 1994), 14.
5. James C. Armstrong and Nigel Anthony Worden, «The Slaves», in *The Shaping of South African Society, 1652–1840*, 2nd ed., ed. Richard Elphick and Hermann Giliomee (London: Maskew Miller Longman, 1989), 129.